

Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ

«Әдістемелік кабинеті» КММ

№21 «Кәусар бұлақ» мектепке дейінгі гимназия



Ақтөбе қаласы білім бөлімінің

2020 жылғы « 15 » « 09 »

№ 523 бұйрығымен

Бекітілді:

БАҒДАРЛАМА

«Ғажайып әлем»

(Ересек және мектеп алды даярлық топтарына арналған)

Ақтөбе, 2020ж

Бағдарлама негізі: Е Елубаев «Балаларға базарлық» Алматы-2014жыл

Құрастырған: Ж.Н.Нажмадинова және К.М.Махамбетова

№21 «Кәусар бұлақ» мектепке дейінгі гимназиясының педогогикалық кеңесінде «Ғажайып әлем» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 28 » « тауыс » 2020ж

№21 «Кәусар бұлақ» мдг меңгерушісі: _____ С.К.Косыбаева



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Ғажайып әлем» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 3

« 14 » « 09 » 2020ж

Сараптау комиссиясының төрайымы _____ Шалабаева.Ж.Б



**№21 «Кәусар бұлақ» мектепке дейінгі гимназиясының тәрбиешілері
Нажмадинова Ж Н Махамбетова К М «Ғажайып әлем»
бағдарламасына**

Пікір

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту – баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты сондықтан баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа мемлекеттік стандартты енгізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын дайындау уақыт сұранысына айналды. Ұсынылып отырған «Ғажайып әлем» бағдарламасы ересек балаларды тәрбиелеу мен дамытудың мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асыруға өз үлесін қосады деген тұжырым жасауға болады.

Бағдарламаның мазмұны баланың жеке жас ерекшелігінің мүмкіншіліктерін ашуға, баланың ой өрісін жан-жақты дамытуға, жалпы адамдық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік ортада онқатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны дайындауға бағытталған мектепке дейінгі ересек жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын шешуді көздейді.

**Баншев Университеті «Педагогика
және психология» кафедрасының
доценті, п.ғ.к**



А.М.Токжанова

Түсінік хат

Табиғат аясында бірінші байқайтынымыз – өсімдіктер мен жан-жануарлар әлемі. Жер бетінде кездесетін тірі табиғат әлемі табиғаттың ажырамас бөлігі.

Осы бағдарламада тірі табиғат несінің, жетілуі, оның даму ерекшеліктері, табиғи өмір сүруге бейімділігі олардың адам өміріне пайдасы туралы мәліметтер берілді.

«Ғажайып әлем» бағдарламасы ересектер және мектепалды даярлық топ балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Балалар үшін бағдарламада табиғат әлемі туралы қысқаша мағлұматтар, тапсырмаларды орындау және тапсыру кестелері, дидактикалық ойындар мен тапқартар берілген.

Мақсаты:

Балалар табиғат жаратылысының сан сырлы құпиясының көптірлілігі жайлы біледі.

Міндеттері :

Балаларға жан-жануарлар табиғатының әр түрлі тыныс-тіршілігінің маңыздылығын түсіндіре отырып, өз бетінше ойлау қабілетін дамыту.

Балаларға қоршаған ортадағы табиғат ғажайыптарының негізгі экологиялық топтарымен, мекен ету ортасына байланысты олардың ішкі құрылымдық ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру.

Мәліметтерді игеру үшін бейне материалдарды, суреттерді, сызба-нұсқаларды және слайдтарды қолдана отырып, ғажайыптар әлемнің сан сырын анықтау;

Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортаны мекендейтін тіршілік иелерін табиғатынан жаратылысының өмір сүру бейімділігінің әр тірлі болатындығымен танысады. Олар туралы бағдарлама барысында тереңірек танысады. Ғажайыптар құпиясының сырын біледі.

Бағдарламаның қолдану мерзімі және ұзақтығы: «Ғажайып әлем» атты бағдарламасы 2 жылға жоспарланған. Ересек және мектеп алды даярлық топтарда 36 сағат аптасына 1 сағат, ұзақтығы 25-30 минут



«Ғажайып әлем» бағдарламасының тақырыптық жоспары.

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағаттан

№	Тақырыптары	Сағат саны
1	Түйенің өркеші	1
2	Құмырсқаның көздріндегі компас	1
3	Тотықұс	1
4	Піл	1
5	Пілдің құлағы неге үлкен?	1
6	Керік	1
7	Ғажайып жыландар	1
8	Бәбісек (сасық көкек)	1
9	Жарық қоңызы	1
10	Қабыландар (гепард)	1
11	Дельфиндер сыры	1
12	Шекер зиянды ма?	1
13	Чипс жейтін балалар	1
14	Біз білетін қызылша	1
15	Бал – барлық дертке дауа	1
16	Компьютердің зиянынан қорғану	1
17	Масалар неге ызылдайды?	1
18	Сегізаяқтар неліктен ақылды?	1
19	Банан қабығының пайдасы	1
20	Теледидар	1
21	Кешке жақын ерте ұйықтау	1
22	Жұмыртқа	1
23	«Ұйқы тынық болсын десен...»	1
24	Ұялы телефон балаларға екі есе зиян келтіреді	1
25	Үйдегі қауіпті заттар	1
26	Саусақтарымыз не үшін тырсылдайды?	1
27	Әлемдегі ең үлкен жанұя	1
28	Құстар неге сөйлей алмайды?	1
29	Тышқан мен жылан	1
30	Ит неліктен ырылдайды?	1
31	Мысық неліктен тышқан жейді	1
32	Балықшы мен сиқыршы	1
33	Сіз білісіз бе? (14)	1
34	Біз білмейтін қызықтар	1
35	Оқыңыз қызық!	1
36	Не үйреніп не білдік?	1
	Барлығы	36

«Ғажайып әлем» бағдарламасының тақырыптық жоспары.

Аптасына 1 сағаттан, барлығы 36 сағат.

I. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ.

№	Тақырыбы	Максаты	Мазмұны	Тапсырма
1	Түйенің өркеші	Үй жануарлары туралы түсінік беру, үй жануарларының төлдерінің атын атай білуге үйрету. Үй жануарларының аттарын және олардың беретін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Жалпы түйелердің өркештерінде су болады жыне ұзақ сапарға шыққанда осы суларды жұмсайды деп, айтылып жатады. Бірақ, бұл дұрыс емес. Түйелердің өркештерінде 30-35 кг-ға жуық май болады. Қатты ашыққан кезінде осы энергияның күшімен жүреді. Сонымен қатар құрғақшылыққа да, ыстыққа да төзімді болады. Суды аса көп қажет ете бермейді. Мұрынның шырышты қабығы аламдардікімен салыстырғанда 100 есе үлкен. Тыныс алған ауадыға ылғалдың үштен екі бөлігін бойына сіңіре алады. Суды дене жасушаларынан жоғалтады. Қандағы су мөлшеріне әсер етпейді.	Жұмбақ Үстінде екі тауы бар Кезікті бір жануар (Түйе)
2	Құмырсқа аенның көзіндегі компас	Қарапайым жәндік құмырсқа туралы мағұлмат беру. Құмырсқаның жолы өзінің жол картасы екенін ұғындыру.	Құмырсқа айналадағы заттарға қарап жолын анықтайды деп айта алмаймыз. Құмырсқа бұл қиын иісті өзіне берілген денесінің ерекшелігі арқылы жүзеге асыруда. Құмырсқаның көздерінде бағытты анықтайтын бір жүйе бар. Өйткені біздің көре алмайтын кейбір сәулелерді көре алатын құмырсқалар, бұларды қолдану арқылы айналасына қараған кезде солтүстіктен, оңтүстіктің қайда екенін анықтай алады. Сол сәуленің арқысында ұяның қай тарапта екенін болжай алатын жәндік, кері қайтар кезде еш қиналмайды.	Белен, белен, белен а, Белі бүкір күрең ат, Таудан, тастан таймаған Арам қатқыр керең ат (құмырсқа)
3	Тотықұс	Тоты құстардың белгісіз сырларын ашу	Тотықұстардың өзге құстардан ажыратып тұратын ең басты ерекше қасиет – адамдарға еліктеп сөйлеу. Ең жақсы сөйлейтін жако (сұр) тотысы.	«Бақтағы тотықұс» суретін салу

			Жалып қораздар да мекендерге карағанда жасы сөйледі. Қалай сөйлейтініне келетін болсақ, ең маңыздысы - есте сақтау қабілетінің өте жақсы дамуында. Адамдар оларды торда асырағанды жақсы көреді. Олад адамнан естіген сөздердің мағынасын білмесе де қайтайлайды. Африканың сұр тотысы ең зерек тоты болып табылады. Тоытлар 1000-ға жуық сөздерді жаттай алу қабілетімен ең тартымды құс болып саналады.	
4	Піл	Ең ірі сүтқоректі жануармен танысу.	Көру қабілеті өте жақсы емес. Адамдар сияқты алысты көре алмайды,бірақ иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Адамдардың ести алмайтын төменгі жиілік дыбыстарын естиді және осы дыбыстармен хабарлайды. Соның арқасында өте алыс қашықтықтағы бауырларына қауіп қатерлерді естірте алады	Үлкендердің көмегімен піл туралы мағлұматтар жинау.
5	Пілдің құлағы неге үлкен?	Құрғақ жер бетінде тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі жануармен танысу.	Көру қабілеті өте жақсы емес. Адамдар сияқты алысты көре алмайды,бірақ иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Адамдардың ести алмайтын төменгі жиілік дыбыстарын естиді және осы дыбыстармен хабарлайды. Соның арқасында өте алыс қашықтықтағы бауырларына қауіп қатерлерді естірте алады.	Зообакқа бірде барғамды, Көрмедім пілден өзге алып. Назарын әзер аударды, Өңкіп баяу қозғалып, Хайуанаттардың бағынан Көргенде пілді әуелі. Шыққан ба нәндер тобынан. Денесі неткен дәу еді. Ортаға әкеп дөңкітіп, Қойғандай таудың бөлшегін. Бөшкедей қары теңкііп, Тұмсықпен жеп тұр жем-шөбін.

Р.Алла

6	Керік	Дүние жүзіндегі ен ұзын жануа – керік. Оның жеке қасиеттерімен таныстыру Керік – жұп тұяқты күйіс қайтаратын жануардың бір тұқымдасы.	Керіктердің тек қана арыстандар мен қолтырауындар үркітеді. Аса қажетті жағдайда аяқпен теуіп, өздерін қорғайды. Дене пішінімі, іс-әрекеті және жылдамды жыртықш аңдардан қашуға да қолайлы. Арқасында кішкентай өркеш болғандықтан оларды түйеге ұқсатады. Адамдар оларға зиян тигізбейді, керіктерде де оларға зиян тигізбейді. Сол үшін барлығының сүйікті жануары ретінде тіршілік етеді. Біздің қаламызда керік бар.	Зообакка бару. Бақылау Керіктердің (жираф) тілі қара түсті, ұзындығы 45 см.
7	Ғажайып жаландар	Бауырмен жорғалаушылармен таныстыру. Жыландар жәйлі түсінігін қалыптастыру.	Жеке дара немесе топтанып қыстайды. Топтанып қыстайтын түрлерін халық ордалы жыландар деп атайды.	Жыланның суретін салу
8	Бәбісек (сасық көкек)	Бәбісек туралы ой қалыптастыру	Бәбісек ұя жасау үшін аса көп шөпшекті қажет етпейді. Жалпы ағаш қуыстарына, дуал және тас үйінділерінің арасына ұялайды.	Бәбісекті бақылап білу.
9	Жарық қоңыздар	Жарық қоңызбен таныстыру	Негізінде бұл қоңыздың шығаратын жарығы жарықпен де, ыстықпен де еш қатысы жоқ. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда суық жарық деп аталады.	Жарық қоңыз туралы мәлімет айту
10	Қабылан (гепард)	Қабыланды сипаттап түсіндіру	Қабылан сағатына 112 км жылдамдықпен жүгіре алатын құрлықтағы ен жылдам жануар. Құлағы қысқа, аяғы ұзын, сарғыш түсті және терісінде қара дақтары болады.	Қабыланның суретін салу
11	Дельфиндер сыры	Дельфин туралы мағлұмат беру	Судың үстінде сағатына 10км, ас судың астында сағатына 37кмжылдамдықпен жүзе алады. Қашқанда немесе қуғанда 50км/сағ жылдамдықпен жүзеді екен.	Дельфинді бақылау

II. ДЕНСАУЛЫҚ

12	Шекер зиянды ма?	Шекермен байланысты өте маңызды қауіптер туралы кеңес беру	Шекерді шамадан тыс қолдану – қандағы шекердің мөлшерін өте жылдам түрде арттыратады және ұйқы безі инсулин секретін көбейтіп шамадан тыс шағарады.	Алыстан қарасам аппақ. Татып қарасам тәтті-ақ. (Қант)
----	------------------	--	---	---

Т. Илгер

			Алдымен тістің шіруіне, семіруге (майдың ағзада шамадан тыс жиналуы), диабет, жүрек және қан айналым жүйесі ауруларына, бүйрек тастарының пайда болуына, рак, гипертензия (қан қысымының артуы), паралич, язва, астма, ревматизм, созылмалы әлсіздік синдромы сүйектің еруіне себеп болады. Қанның айналуымен дененің әр тарапына жайылған шекер, әсіресе кіндікте, сандарда, кеуденің және аяқтың үстінгі жағына жиналады. Иммунитет жүйесін әлсіретеді. Дене, суық, ыстық немесе микробтарға қарсы тұра алмайды.	
13	Чипс жейтін балалар	«Ата-аналарға дұрыс тамақтанудың маңызды екенін білулері қажет» сауалнама ұсыну	14000 балаға жасалған зерттеуде чипстің орнына жеміс-көкөніс жейтін балалардың ақылы, деректігі басымдау болатыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде ғалымдар «Балаларыңның ақылды болуларын қаласандар картоп чипстері және пипацалардың орнына жеміс – көкөністерді тұтынатындар!» деп айтқан. Зерттеуден жас кезінде құрамында шамадан тыс май, шекер және тұз бар азықтарды жейтін балаларға қарағанда, жеміс-көкөніс жеген балалардың зеректілігі (IQ) 8 балл жоғары шықты. Pauline Emmett және Kate Northstone басшылығындағы ғалымдар мидың ең жылдам дамитын кезеңінде 0-3 жас аралығындағы балалардың салауатты, жүйелі түрде тамақтануы керектігін білдірде.	Бакшасында атамның Көкөністер көп екен Теріп, жинап аламыз Себеттерге саламыз Пияз, картоп, қызылша Түйнек, сәбіз, қызанақ Орамжапыра киярлар Шалқан болса тағы бар.
14	Біз білетін қызылша	Қызылшаның пайдасын айту	Қызылша жоғары артериялық қысымды төмендетуге көмектеседі, дәлірек айтсақ, қызылша шырынының осындай әсері бар.	Үстіне төгіп көк шатыр, Астында үлкен дәу жатыр (қызылша)
15	Бал – барлық дертке дауа	Бал денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру	Таңғы астарымызды тәтті бәліштерге, тіпті сусындарымызға дейін қосып көптеген салаларда пайдаланып жүрген балымыз, сонымен қатар «барлық дертке дауа» болып келетін денсаулықтың негізі.	Ара балды қалай алатының білу

Реллер

16	Компьютердің зиянынан қорғану	«Қандай нәрселерге аса мән беру керек?», «Қандай шаралар қолдану керек?», «Болашақта бізді қандай қауіп-қатер күтіп тұр?» деген өзекті сұрақтарға жауап беру.	Компьютердің миға тарататын энергиясы дене рагының кездесу жиілігін арттыруы мүмкін. Мұның зияндары бірден білінбеуі мүмкін, темекі сияқты кейін ортаға шығады.	Компьютерді аз қолдану
17	Масалар неге ызылдайды?	Маса туралы мәлімет беру	Адамдардың маса ызылдағанан ұйқысын лезде жоғалтып, жүйкесін жұқартатыны анық. Дегенмен, аналықтары адам және жануарлардың қанымен, аталықтары гүлдің шірнесі және жемістің шырындарымен қоректенгенін білу қызық	Өзім үшін сені ұрам, Сен үшін өзімді ұрам, Сен үшін өзімді ұрсам – Ағады менің қаным, Жарылады сенің қарның. (Маса)
18	Сегізаяқтар неліктен ақылды?	Сегізаяқтың неліктен ақылды екенін түсіндіру	Сегізаяқтардың көздерінің адамның көздерінен еш айырмашылығы болмайды. Жақын және алыс заттарға көзқарасын шоғырландыруға мүмкіндік беретін объективтің функциясын көз бұршағы орындайды.	Сегізаяқтың суретін салу
19	Банан қабығының пайдасы	Бананның пайдасы туралы ақпарат беру	Банан қабығының ішкі жағын денеңіздің маса шаққан бөлігіне жақсаңыз қышуын және ісінуін кетіреді	
20	Теледидар	Теледидар тамашалаудың көзге зияны туралы түсінік беру.	➢ Ұзақ уақыт көру. ➢ Қаранғы жерде көру. ➢ Көріністегі жиі-жиі өзгеріп тұратын өзгерістер. ➢ Эфирдегі ақауларға байланысты экранның жиі-жиі қарайып жарықтануы. Теледидар тамашалаған кезде көзілдірік тағатындар көзілдіріктерін міндетті түрде тағулары керек. Теледидардағы көріністер анық көрінбей, дірілдеп көрсететін болса, теледидарды өшіре салу керек. Экран мен көз бірдей деңгейде болу керек, жоғарыда немесе төменде болмау керек.	«Теледидар көріп отырған бала» Сурет салу.

T. Allin

21	Кешке жақын ерте ұйықтау	Баланың күн тәртібі ережелерін орындауға тәрбиелеу	Асан түні бойы отырып теледидар көруді әдетке айналдырды. Анасы: «Ұлым, түннің бір уақыты болды. Ертең азанда сабаққа баруың керек. Қане, тез жат, төсегіңе!», -деп қанша рет айтса да, анасының айтқан сөздеріне құлақ аспай, әр түрлі сылтаулар айтып, түннің бір уақытына дейін теледидар көреді. Алайда азанда ұйқысы қанбай, мазасызданып зорға тұратын болды. Сонымен қатар сабақ үстінде мұғалімнің айтқан сөздерін тыңдамайтын, үй жұмысын да орындамайтын болды және сабақ үлгерімі де нашарлап кетті. Асанның ата-анасы оның бұл халіне қатты ренжіді. Анасы оған: «Егер ерте жатып, ұйықтасаң ғой, бұндай әлсіз болмас едің және сабағың да нашар болмас еді», -деді. Сонда Асан анасының айтқан сөздеріне құлақ аспағаны үшін қатты өкінді. Бұдан былай күнде кешке теледидар көрмей, ерте жататын болды. Осылайша ұйқысы қанып, сабағына да жақсы қатысып, озықты оқушылардың бірі болды.	«Менің күн тәртібім» Сурет салу.
22	Жұмыртқа	Жұмыртқа – витаминдермен минералдарға өте бай азықтардың бірі екендігі туралы түсінік беру. Пайдасы туралы ұтыммен таныстыру.	Жұмыртқа – витаминдермен минералдарға өте бай азықтардың бірі. Құрамында Е, К, РР, В1, В6, В12 сияқты ә-түрлі витаминдер мен фосфор, ферум және кальций сияқты бірқатар минералдары бар. Балалардың өсуін және жетілуін жеңілдетеді. Қан көбейтеді, миды сергітеді. Бір жұмыртқа, бүкіл азықтардың беретін витаминдері мен минералдарын береді. Еуропалық емшілер, әлсіреген корольдеріне қайта қуаттануы үшін көп-көп жұмыртқа беретін. 60 грамдық бір жұмыртқа 60кг бір адамның 24 сағаттық азық қажеттілігін қамтамасыз етуге жеткілікті. Балғын жұмыртқа қаншалықты пайдалы болса, тұрып қалғаны да соншалықты зиянды болады. Жұмыртканың балғын немесе балғын еместігін былай біле аламыз:	Бір құтыда екі түрлі су жатады, Қайнатсаң мұз боп катады. (Жұмыртқа)

Т. Ильясов

			1) Жұмыртқаның ұшында ауа бөлімі деген бір ойық бар. Жұмыртқаны күнге қаратқан кезде ойық үлкен болса тұрып қалған, кішкентай болса балғын болғаны. 2) Жұмыртқаны іші тұзды суға толы бір ыдысқа салған кезде егер ыдыстың түбіне түсетін болса өте балғын болғаны. Судың орталарына	
23	«Ұйқы тынық болсын десең...»	Балаларға күн тәртібінің орындалуына басшылық жасау	➢ Кешкі ас ауыр болмайы керек. ➢ Таңертең ерте және бір уақытта тұру керек. ➢ Ұйқы кеткенде тұрып, келгенде жату керек. ➢ Салқын, қараңғы және тыныш жерде ұйықтау керек. ➢ Күннің жоспарларын төсекте ойламау керек. ➢ Белгілі уақытта емес, қажет болған уақытта жату керек. ➢ Спортпен шұғылдану маңызды, бірақ жатар алдын болмауы керек. ➢ Жатудан бұрын дене және ақыл белсенділігін азайту керек. ➢ Ұйқы шақыратын дәріні өте қажет болмайынша қолданбау керек.	Дүниедегі уш арсыздың бірі... 1. (Ұйқы) 2. Күлкі 3. Тамақ

III. Энциклопедия.

24	Ұялы телефон балаларға екі есен зиян келтіреді.	«Ұялы телефондар қаншалықты зиянды?», «Қандай нәрселерге аса мән беру керек?», «Қандай шаралар қолдану керек?», «Болашақта бізді қандай қауіп-қатер күтіп тұр?» деген өзекті сұрақтарға жауап беру.	Ұялы телефондардың миға тарататын энергиясы дене рагының кездесу жиілігін арттыруы мүмкін. Мұның зияндары бірден білінбеуі мүмкін, темекі сияқты кейін ортаға шығады. Ал құлаққап қолдану ұялы телефонның дессаулыққа тигізетін зиянын екі есе азайтады. Мүмкіндік болғанша, ұялы телефонмен сөйлескенде құлаққап қолданған жөн.	Ойын: «Сымсыз телефон»
25	Үйдегі қауіпті заттар	Үйіңізді өрттен қорғау үшін, электр тоғымен және газбен	➢ Газ және тоқ жіберетін плита. ➢ Розетка қосулы қалып кеткен үтік.	Диалог: «Үйде жалғыз қалғанда...» Сергіту:

Т. Ильясов

		істейтін құралдарға және жанатын, тез тұтынытын заттарға абай болу керектігі туралы балалармен кеңес өткізу.	➢ Жанармай секілді тазартқыш заттар. ➢ Тұтатылып, ұмытылып қалып кеткен темекі. ➢ Көп жасанды сым оралған сақтандырғыш (предохранитель). ➢ Жерге тұйықтау желілері болмаған розеткалар, штепсельдер. ➢ Өшірілмей қалып кеткен электірлі пеш. ➢ Газ жіберетін кір жугыш машина. ➢ Қосылып қалып кеткен теледидар. ➢ Қағаз немесе пластиктен жасалған абажурлар. ➢ Өшірілмей қалып қойған шам (свеча). ➢ Ток жіберітін басқа да құралдар.	Жалғыз саусақ тіпті де, Ұсыай алмас жіпті де Он саусағым бірікті Жіп клыма ілікті.
26	Саусақтарымыз не үшін тырсылдайды?	Саусақтардың тырсылдау құпиясын ашу.	Саусақтарымызда екі сүйектің қосылған жерінде байланыс капсуласы бар. Бұл капсуланың ішінде сүйектердің әрекет етуі барысында сол жерлерді майлайтын бір сұйықтық бар. Денеміздің ең онай тырсылдайтын буындары саусақтарымыз болып табылады. Саусақтарымыз керілген кезде буындар түзеліп, капсула да керіледі. Капсуланың ішіндегі сұйықтықтың қысымы азайып, газ көпіршіктері жарылады. Біздің құлғымызға естілетін міне осы дыбыстар. Жарылған көпіршіктер нәтижесінде газдар бұл сұйықтықтан бөлініп шығады және сұйықтық тағы да кеңейіп буындардың әрекет ету қабілетін арттырады. Бір саусағыңызды бірнеше рет тырсылдата алмайсыз. Біраз уақыт күтуіңіз керек. Өйткені газ көпіршіктері сұйықтықтың ішінде тағы да түзілуі үшін біраз уақыт қажет болады.	
27	Әлемдегі ең үлкен жаңуя	Әйгілі жаңуя туралы мәлімет беру	Ол 39 әйелі, 94 баласы және 33 немересі бар үнді азаматы.	Өз жаңуяңды салу

T. Allie

28	Құстар неге сөйлей алмайды?	Құс туралы жалпы түсінік беру	Құстардың ауызбіршілігі болмағандықтан барлығы бірдей сөйлей алмай қалыпты.	Құсты суреттеу
29	Тышқан мен жылан	Ертегіні түсіндіру	Тышқан барып кісінің мұрнын тістеп алып, жыланға қарай тұра қашыпты. Кісі оянып, тұра қуады. Қараса, алдында жатқан жыланды көріп жыланды өлтіруге алданып қалыпты.	Жол үстінде егіз өрім Қамшы жатыр сегіз өрім (Жылан) Кішкентай боп өз-өзін зор тұтады, Сөйтіп пілдің өзін қорқытады (Тышқан)
30	Ит нелікен ырылдайды?	Ит туралы қызықты мағлұмат беру	Иттер бірін бірі көріп кездесе қалғанда «Байдың алтын жүзігін жоғалтқан ит мен емес, сенбесең қарап ккп, тісім сау» деп тістерін ақситып, ырылдап қояды екен.	Адамға серік. Күзетке берік (Ит)
31	Мысық неліктен тышқан жейді	Мысық пен тышқан араздығы туралы түсіндіру	Мысық тышқанды өлтіргенімен, жыл мүшелікке ие бола алмайды. Сөйтіп, күні бүгінге дейін мысық тышқанды көрді болды, бас салып қысып, мылжа-мылжасын шығарып жеп алатын болыпты.	Еріксе, Құйрығымен ойнайды. Зеріксе, Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)
32	Балықшы мен сиқыршы	Ертегі туралы түсіндіру	Баяғыда бір шал балық аулап, кемпір ау жамап күндерін көріпті. Бір күні балық аулап отырған шал ағып келе жатқан бір сандықты көреді. Сандықты судан шығарып, үйіне апарады. Кемпір мен қызы екеуі жабылып сандық аша алмайды. Осы кезде көмекке шал келіп, зорға дегенде сандықтың аузын бұзады. Қараса, ішінде жеті бүктеліп айдаһар жатыр екен.	Балықшы мен сиқыршының суретін салу

Т. Алмас

IV. Қызықты мәліметтер.

33	Сіз білесіз бе? (14)	Қызықа толы әлем гажайыптарының ерекшеліктері туралы сипаттама	➤ Өзін-өзі айнадан танытын жалғыз аң – шимпанзе. ➤ Қолытырауынның майы жасыл түсті болады. ➤ Кейбір қарлығаш ұшып жүріп ұйықтайды екен. ➤ Төрт тізесі бар жалғыз аң – піл. ➤ Бегемоттар су астында туады. ➤ Колибри жүре алмайды. ➤ Шегірткенің қаны – ақ түсті. ➤ Шегірткелердің құлағы алдыңғы аяқтарында.	Ойын: «Аңдардың жүрісі»
34	Біз білмейтін қызықтар	Аңдардың бойындағы қызықты құпияларымен таныстыру, аңдары бір-бірін ажырата білуге тәрбиелеу.	➤ Иттің шынтағы бар. ➤ Басымен тұра алатын жалғыз аң – піл. ➤ Жолбарыстың жүні ғана емес, терісі де жолақ. ➤ Жердегі жануарлардың ішінде жүрегі ең үлкен аң – керік. ➤ Жердегі жануарлардың ішіндегі қан қысымы ең жоғары аң – керек. ➤ Еңкеймей, тікесінен тік тұрып жүретін жалғыз құс – пингвин.	Ойын: «Сен танысың ба?»
35	Оқыңыз қызық !	Жан- жануарлардың түрлі сипатымен танысу. Қылы- қилы қызықтарды тындау.	Ұша алатын жалғыз сүт қоректі – жарқанат. Бассыз таракан тоғыз күнге дейін өмір сүреді, содан кейін аштан өледі. Әлемдегі ең күшті жәндік – мүйізтұмсықты қоян. Ол өз салмағынан 850 есе ауыр салмақты көтере алады. Швецияда ит асыраушылар өз серігінің бойының ұзын-қыскалығына қарай салық төлейді. Құбылмалы кесірткелердің тілінің ұзындығы денесінің ұзындығымен бірдей. Зебра – кара жолақтары бар ақ аң. Құмырсқалар ешқашан ұйықтамайды.	
36	Не үйреніп не білдік?	Тест құрастыру	Вариативтік бөлім бойынша балалармен жасаған жұмыс түрлерінің жинағын жасау.	Көрме: «Фотогалерея бұрышы»

Қолданылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер :

1. Е. Елубаев «Балаларға базарлық» Алматы баспасы-2014 жыл
2. Кенжеахметұлы. «Традиции и обряды казахского народа» Алматы – 2004 жыл.

Қосымша әдебиеттер

3. «Балабұлақ» журналы №6. 2011 жыл.
4. «Балалар шығармашылығы» журналы №2.2009 жыл.
5. «Балапан» журналы №4. 2009 жыл.
6. «Обруч» журналы №1. 2008 год.
7. «Тәрбие құралы» журналы №4. 2005 жыл.
8. Каптерев П. «О природе детей» Москва – 2005 год.
9. «Бала би» журналы №7. 2009 жыл.
10. Энциклопедия «Ақтөбе» 2002 жыл.
11. Аударған Ж.Т.Муканова «Бүлдіршіндер мен қызықты әңгімелер» Көкшетау баспасы, 2011 жыл.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №1

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Түйенің өркеші

Мақсаты: Түйе туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Армысың ,Алтын күн,. Армысың,Жер ана. Армысың ,Көк аспан, Армысын,жан досым Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді,өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Жұмбақ: Кезекті бір жануар, Үстінде бір тауы бар. Мойны ұзын,көзі үлкен, Бұл не деген жануар? (Түйе) Түйе туралы сурет бойынша әңгімелейді Жалпы түйелердің өркештерінде су болады және ұзақ сапарға шыққанда осы суларды жұмсайды деп, айтылып жатады. Бірақ, бұл дұрыс емес. Түйелердің өркештерінде 30-35 кг-ға жуық май болады. Қатты ашыққан кезінде осы энергияның күшімен жүреді. Сонымен қатар құрғақшылыққа да, ыстыққа да төзімді болады. Суды аса көп қажет ете бермейді. Мұрынның щырышты қабығы адамдардікімен салыстырғанда 100 есе үлкен. Тыныс алған ауадыға ылғалдың үштен екі бөлігін бойына сіңіре алады. Суды дене жасушаларынан жоғалтады. Қандағы су мөлшеріне әсер етпейді. Сергіту жаттығу жасау Слайд арқылы түйе түрлерімен таныстыру	Жұмбақты тыңдайды,жауабын айтады Балалар әңгімені тыңдайды Сергіту жаттығуын жасайды Слайд арқылы түйе түрлерімен танысады
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? -Түйенің ерекшеліктері қандай? -Түйеге өркеш не үшін қажет?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Түйе туралы

Игеру: Өркеш туралы

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №2

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Құмырсқаның көзіндегі компас

Мақсаты: Қарапайым жәндік құмырсқа туралы мағлұмат беру.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Армысың ,Алтын күн, Армысың,Жер ана. Армысың ,Көк аспан, Армысың,жан досым Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді,өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Құмырсқа айналадағы заттарға қарап жолын анықтайды деп айта алмаймыз. Құмырсқа бұл қиын иісті өзіне берілген денесінің ерекшелігі арқылы жүзеге асыруда. Құмырсқаның көздерінде бағытты анықтайтын бір жүйе бар. Өйткені біздің көре алмайтын кейбір сәулелерді көре алатын құмырсқалар, бұларды қолдану арқылы айналасына қараған кезде солтүстіктен, оңтүстіктің қайда екенін анықтай алады. Сол сәуленің арқысында ұяның қай тарапта екенін болжай алатын жәндік, кері қайтар кезде еш қиналмайды. Жұмбақ: Белең, белең, белең а, Белі бүкір күрең ат, Таудан, тастан таймаған Арам қатқыр керең ат Сергіту сәті:	Балалар әңгімені тыңдайды Жұмбақты тыңдайды,жауабын айтады (құмырсқа) Сергіту жаттығуын жасайды
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Құмырсқаның көзіндегі компас туралы

Игеру: Құмырсқа туралы

Меңгеру: Құмырсқаның жолы өзінің жол картасы екенін ұғындыру

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №3

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Тотықұс

Мақсаты: Тоты құстардың белгісіз сырларын ашу.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Армысың ,Алтын күн,. Армысың,Жер ана. Армысың ,Көк аспан, Армысың,жан досым Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді,өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Тотықұстардың өзге құстардан ажыратып тұратын ең басты ерекше қасиет – адамдарға еліктеп сөйлеу. Ең жақсы сөйлейтін жако (сұр) тотысы. Жалып қораздар да мекендерге қарағанда жасы сөйледі. Қалай сөйлейтініне келетін болсақ, ең маңыздысы - есте сақтау қабілетінің өте жақсы дамуында. Адамдар оларды торда асырағанды жақсы көреді. Олад адамнан естіген сөздердің мағынасын білмесе де қайтайлайды. Африканың сұр тотысы ең зерек тоты болып табылады. Тоытлар 1000-ға жуық сөздерді жаттай алу қабілетімен ең тартымды құс болып саналады. Сергіту сәті: Суретпен жұмыс: «Бақтағы тотықұс» суретін салу. Дәйексөз:	Балалар әңгімені тыңдайды Сергіту жаттығуын жасайды Тотықұс суретін салады. Тотықұс
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? -Балалар тотықұс туралы не білесіңдер?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Тотықұс туралы

Игеру: Тотықұстың ерекшеліктері туралы

Меңгеру: Тотықұстың белгісіз сырларын.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №4

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы:Пілдің құлағы неге үлкен?

Мақсаты:. Құрғақ жер бетінде тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі жануар-піл екендігін біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Үлкенге де Сіз, -Кішіге де Сіз. -Баршаңізді құрметтеп, -Бас иеміз біз.	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді,өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Бұрын көріп, білмеп ем, Қандай үлкен піл деген. Әрі тұмсық,әрі қол, Мұрнын жұмсар бәріне ол. Піл туралы сурет бойынша әңгімелейді: көру қабілеті өте жақсы емес. Адамдар сияқты алысты көре алмайды,бірақ иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Адамдардың ести алмайтын төменгі жиілік дыбыстарын естиді және осы дыбыстармен хабарлайды. Соның арқасында өте алыс қашықтықтағы бауырларына қауіп қатерлерді естірте алады. Д.о.»Дұрыс»	Өлең жолын тыңдайды Балалар сурет бойынша пілмен танысады. Піл туралы әңгімені қызыға тыңдайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? -Пілдің ерекшеліктері қандай? -Пілдер қайда өмір сүреді?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Піл туралы

Игеру: Піл –ең үлкен сүтқоректі жануар екендігін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №5

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Пілдің құлағы неге үлкен?

Мақсаты: Құрғақ жер бетінде тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі жануармен танысу.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар бір біріне жылы лебіздерін білдіріп, жақсы тілектерін айтады	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Көру қабілеті өте жақсы емес. Адамдар сияқты алысты көре алмайды, бірақ иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Адамдардың ести алмайтын төменгі жиілік дыбыстарын естиді және осы дыбыстармен хабарлайды. Соның арқасында өте алыс қашықтықтағы бауырларына қауіп қатерлерді естірте алады. Тақпақ: Хайуанаттардың бағынан Көргенде пілді әуелі. Шыққан ба нәндер тобынан, Денесі неткен дәу еді. Ортаға әкеп дөңкитіп, Қойғандай таудың бөлшегеін. Бөшкедей қары теңкиіп, Тұмсықпен жеп тұр жем-шөбін.	Піл туралы әңгімені қызыға тыңдайды. Тақпақты қайталайды.
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? - Ең үлкен жануар ?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап буруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Керік туралы

Игеру: Керік ең ұзын жануар екенін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №6

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Керік

Мақсаты: Керік туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
------------------	--------------------------	-------------------------

Мотивациялық қозғаушы	Балалар бір біріне жылы лебіздерін білдіріп, жақсы тілектерін айтады	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді.
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Тыныштық сәті: Баяу музыка әуенімен балаар көздерін жұмып, көз алдарына зообақты елестетеді -Балалар, зообақта кімді кездестірдік? Керіктің суретін көрсетіп мәлімет беру. Дүние жүзіндегі ең ұзын жануар – керік. Оның жеке қасиеттерімен таныстыру Керік – жұп тұяқты күйіс қайтаратын жануардың бір тұқымдасы. Керіктердің тек қана арыстандар мен қолтырауындар үркітеді. Аса қажетті жағдайда аяқпен теуіп, өздерін қорғайды. Дене пішінімі, іс-әрекеті және жылдамды жыртқыш аңдардан қашуға да қолайлы. Арқасында кішкентай өркеш болғандықтан оларды түйеге ұқсатады. Адамдар оларға зиян тигізбейді, керіктерде де оларға зиян тигізбейді. Сол үшін барлығының сүйікті жануары ретінде тіршілік етеді. Біздің қаламызда керік бар. Д.о.»Зообақ»	Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына зообақты елестетеді. - Керікті кездестіренін айтады Балалар сурет бойынша керікпен танысады. Керік туралы әңгімені қызыға тыңдайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? - Ең ұзын жануар ?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап буруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Керік туралы

Игеру: Керік ең ұзын жануар екенін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №7

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Ғажайып жыландар

Мақсаты: Жыландар туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Армысың, Алтын күн, Армысың, Жер ана. Армысың, Көк аспан,	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер

	Армысын, жан досым Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	білдіреді, өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық – ізденімпаздық	Жұмбақ: Сумандаған тілі бар Бұраңдаған ізі бар. Тіл ұшында уы бар. Ол не? Біліп ал! Бауырмен жорғалаушылармен сурет бойынша таныстыру. Жыландар жәйлі мәлімет беріп, жеке дара немесе топтанып қыстайды. Топтанып қыстайтын түрлерін халық ордалы жыландар деп атайды. Сергіту жаттығу жасау Слайд арқылы жылан түрлерімен таныстыру	Жұмбақты тыңдайды, жауабын жылан екенін айтады Балалар әңгімені тыңдайды Сергіту жаттығуын жасайды Слайд арқылы жыландар түрлерімен танысады
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? -Жыланның ерекшеліктері қандай? -Жыландар қайда өмір сүреді?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Жылан туралы

Игеру: Жылан – бауырмен жорғалаушы екендігін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №8

Өтетін күні:

Тобы:

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Бәбісек (сасық көкек).

Мақсаты: Бәбісек туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар бір біріне жылы лебіздерін білдіріп, жақсы тілектерін айтады	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді.

Ұйымдастырушылық –іздеңімпаздық	Тыныштық сәті:Баяу музыка әуенімен балаар көздерін жұмып ,аудио жазбадағы құстардың үнін тыңдайды. -Балалар,ненің үнін тыңдадыңдар? Бәбісек ұя жасау үшін аса көп шөпшекті қажет етпейді. Жалпы ағаш қуыстарына, дуал және тас үйінділерінің арасына ұялайды. Қ.о.»Ұшты,ұшты»	Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып,. құстардың үнін тыңдайды. -Құстардың үнін тыңдағанын айтады Балалар сурет бойынша бәбісек туралы әңгімені қызыға тыңдайды. Ойынды қызыға ойнайды
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? - Бәбісек қай жерге ұя салады? - Бәбісек қайда қыстайды?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап буруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Бәбісек туралы

Игеру: Бәбісек қыстап қалмайтынын

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №9

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Жарық қоңыздар

Мақсаты: Жарық қоңыздар туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар бір біріне жылы лебіздерін білдіріп,жақсы тілектерін айтады	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді.
Ұйымдастырушылық –іздеңімпаздық	Тыныштық сәті:Баяу музыка әуенімен балаар көздерін жұмып ,көз алдарына табиғатты елестетеді	Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып,көз алдарына табиғатты елестетеді.

	-Балалар,гүлдердің үстінде қандай жәндіктер ұшады? Жұмбақ: Күн емес,от емес, Бірақ жарық береді (Жарық қоңызы) Жарық қоңызы суретін көрсетіп,ол туралы мәлімет беру. Негізінде бұл қоңыздың шығаратын жарығы жарықпен де, ыстықпен де еш қатысы жоқ. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда суық жарық деп аталады.	- Балалар ара,шыбын,көбелектер,т.б. жәндіктер ұшатынын айтады Жұмбақтың шешуін шешеді Балалар сурет бойынша құмырсқамен танысады. Жарық қоңызы туралы әңгімені қызыға тыңдайды.
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? - Жарық қоңызы жануар ма әлде жәндік пе? -Жарықпен,ыстықпен қатысы бар ма?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап буруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Жарық қоңызы туралы

Игеру: Жарық қоңызы жәндік екенін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №10

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Қабылан (гепард)

Мақсаты: Қабылан (гепард) туралы біледі.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Армысың ,Алтын күн,. Армысың,Жер ана. Армысың ,Көк аспан, Армысын,жан досым Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар дөңгелене бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жылы лебіздер білдіреді. Өлең жолдарын қайталап айтады
Ұйымдастырушылық –ізденімпаздық	Тыныштық сәті:Баяу музыка әуенімен балаар көздерін жұмып ,көз алдарына зообақты елестетеді -Балалар,зообақта кімді кездестірдік?	Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жумып,көз алдарына зообақты елестетеді.

	Слайд арқылы зообақтағы қабыланды көрсетіп ,ол туралы мәлімет беру. Қабыланды сипаттап түсіндіру. Қабылан сағатына 112 км жылдамдықпен жүгіре алатын құрлықтағы ең жылдам жануар. Құлағы қысқа, аяғы ұзын, сарғыш түсті және терісінде қара дақтары болады. Қабыланның суретін салдырту.	-Қабыланды кездестіргенін айтады. Балалар слайд арқылы қабыланмен танысады. Қабылан туралы әңгімені қызыға тыңдайды. Қабыланның суретін салады..
Рефлексивті түзету	-Бүгін біздер немен таныстық? - Қабыландар қайда кездеседі? -Олар қалай жүгіреді?	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап буруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Қабылан туралы

Игеру: Қабылан жыртқыш екенін

Меңгеру: сурет арқылы өз ойларын айта білуді меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №11

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Ғажайып әлем»

Тақырыбы: Дельфиндер сыры

Мақсаты: Дельфиндер туралы біледі

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
